



***Ежелгі дүниедегі саяси ой-
пікірлер***


Ежелгі шығыстың таптық қоғамындағы саяси ой-пікірлер. Ежелгі Шығыс елдеріне: Египет, Вавилон, Индия, Қытай, Персия, Батыс елдеріне: Грекия, Рим жатады. Бұл елдерде саяси ой-пікірлердің қалыптасуы қоғамның таптарға жіктелуі мен мемлекеттер пайда бола бастағанда жүзеге асады. Саяси ой-пікірлердің пайда болуы бұл елдерде көбінде аңыздарға (мифтерге) тікелей байланысты. Адамның дүниедегі алатын орны да осы қиял- аңыздармен көрсетіледі. Бұл ой-пікірлер өз алдына білімдер саласы ретінде қалыптаспаған, мифологиялық көзқарастың құрамдас бөлігі болып келеді.

Италияның алғаш орталығы болған Турин қаласында 1824 жылы ашылған атақты Египет мұражайы бар. Онда Египет жерінен қазылып әкелген көптеген тарихи заттар қойылған. Мұражайда үш адамның бальзамдалған мумиясы бүтіндей сақталған. Оларды б.э.д. 8 ғасырға жатқызады. Одан басқа біздің заманға дейін 4 мың жылдыққа жататын мүрделерден бидай, нан, жұмыртқа (түйе құстың), қару-жарақ, ыдыс-аяқ алынғанын көрсетіп қойған. Бұл келтірілген фактілер сол замандарда дін болғанын байқатады.


Египет, Вавилон, Индия сияқты елдерде басқадай аңыздар бар. Оларда құдай биліктің негізгі қайнар көзі бола тұра, жердегі істерді, адамдардың тағдырын жасаушылар болып қала береді. Египет пен гректердің аңыздары бойынша құдайлар қоғамның, мемлекеттің басқарушысы және заң шығарушысы болып табылады. Мысалы, еврей халқының заңдарын құдайдан тікелей Моисей қабылдап алған деген наным бар. Билікті құдай атынан адамдар жүргізеді. Айрықша жағдайларда құдай өзі араласады. Ежелгі Египет нанымы бойынша ақиқатты, әділдікті және заңдылықты әйел құдайы Маат жүргізеді-міс. Бұл түсінік басқа елдерге де тән. Осы аталған идеялар ежелгі египеттің деректік негізі «Птахотеп оқуларында» (б.ж.д. 28 ғасыр), «Өлілер кітабында» (б.з.д. XXV-XXIV ғасырлар) бар. Аталған оқуларда басқарушы адамдар кейпінде суреттеледі. Билеушілерді қастерлеу идеясы басым жатады. Дегенмен, қара халықтың бас көтерулері болып тұрған. Мысалы, «Ипусердің сөзінде» (б.з.д. 1750 жыл) қоғамның төменгі топтары мен құлдардың қозғалысы айтылады.



**Шумер, вавилон
билеушілерінің өз
жағдайларын құдыретті
етіп көрсетуі байқалады.
Ежелгі Вавилондағы
Хаммурапи заңдары (б.з.д.
XVII ғасыр) қоғамның
әлеуметтік теңсіздігін
көрсетеді.**



Ежелгі Персияда аңыздық ой-пікірден рационалдық көзқарасқа ауысу байқалады. Б.з.д. VII ғасырда зороастризм ілім және ағым ретінде қалыптасып та үлгерді. Кейінірек зороастризм шығыстың басқа елдеріне тарап кетті де христиан доктринасының қалыптасуына себепкер болды. Сонымен жер бетіндегі игілік пен зұлымдықтың арасындағы күрес Заратустра ілімінің негізгі қағидасына айналды. Негізінде Заратустра адалдықты жақтаған, зұлымдықты жеңуге болатынын айтқан. Сөйтіп біртіндеп мифологиядан рационалдыққа ауыса бастаған. Қоғамдағы таптардың жіктелуіне сәйкес саяси ой-пікірлер қалыптаса бастаған.



Ежелгі Индиядағы саяси-ой-пікірлер. Алғашында мифтер мен діннің ықпалымен дамыған. Билікті абыздар – брахмандар жүргізген. Брахманизмнің көрінісі б.з.д. 2 –мыңыншы жылдардың ескерткіштерінде көрініс таба бастады. Ол бойынша заңдарды «Веды» деп атаған. Заң бойынша қоғамды 4 варнаға (жікке) бөлген: (оларды құдай жасаған):

1) брахмандар.

2) кшатрий-жауынгерлер


3) вайшийлер (шаруалар, қолөнершілер, саудагерлер)

4) құлдар, варнадан тысқары тұрғандар.

Брахманизм идеологиясы көптеген заң жинақтары: дхармасутр мен дхармашастарлардан тұрады. Мысалы, б.з. д. II ғасырда Ману заңдары жазылған. Онда варнаның талаптары тұжырымдалған. Варнаның бастапқы екеуі билеуші болады. **Ману** заңы бойынша патша брахмандарды мойындауы керек. Ману заңында жазалауға ерекше мән берілген. Таяқтауға дейін жаза қолдану бар.



Брахманизм идеологиясын сынаушы буддының негізін қалаушы Сиддхартха болды. (б.з.д. VI ғасыр). Ол құдай барлық билікті жүргізуші, заң шығарушы деген ұғымды теріске шығарады. Будды теңдікті жақтады. Буддизм идеологиясы гуманизмге, адамгершілікке, өзге адамды сыйлауға, зұлымдыққа зұлымдықпен жауап бермеуге уағыздайды. Буддизмде жазалаудың ролі мен көлеміне шек қою, азайту көзделген. Заңдылықты бағалау көзделген. Буддизмнің кемшілігі — жоғарғы дәрежеге жетілудің жеке адамдардың алдында тұрған міндет деп қоюында (нирвана). Нақты саяси-құқықтық құбылыстарға жеткілікті мән бермеуінде жатыр. Соған қарамастан, буддизм актуалды ағым. Ашокидің билік құрған кезінен бастап (б.з.д. 268-232 жылдар) Индия бірікті де буддизм мемлекеттік дінге айналды. Буддизм Оңтүстік – шығыс Азияның басқа елдеріне тарады.



Ежелгі Қытайдың саяси ой-пікірлері.

Конфуций (Кун-цзы) (Шамамен б.з.д. 551-479 жылдар) Конфуциандық ілімінің негізін қалаушы. Ол ілім атадан-балаға ауысатын мұралық аристократияның мүддесін жақтайды және әлеуметтік тәртіптердің мызғымастығын қолдайды. Адамдарды әділдіктің заңдылығы тұрғысынан төменгілер және жоғарғылар деп екіге бөледі. Билеушінің өкіметін аспан сыйлаған қасиетті ұғым деп түсіндіреді. Халықтың өкімет өкілдеріне жақындай түсуі — елді басқару өнеріне жатады дейді. Ал, биліктің өзі Конфуцийдің айтуы бойынша, халықтың қауіпсіздігін, оның материалдық тұрмыс-жағдайын қамтамасыз ету және халық тарапынан өкіметті қолдау болып табылады.

